

Келе жатқан Жаңа 2026 жылмен!  
С наступающим Новым 2026 годом!



# Ертіс алауы 95 ОГНИ Түшүтүшү

Глубокое аудандық қоғамдық-саяси апталық газет  
Общественно-политическая еженедельная газета  
Глубоковского района

№52  
(111209)

Жұма, 26 желтоқсан 2025  
Пятница, 26 декабря

## Құрметті Глубокое ауданының тұрғындары! Қымбатты жерлестер!

Сіздерді келе жатқан Жаңа 2026 жылмен шын жүректен құттықтаймыз!

Өтіп бара жатқан жыл ауданымыздың тарихындағы маңызды белестердің бірі болды. Сіздердің ерен еңбектеріңіздің, төзімділіктеріңіз бен туған жерге деген сүйіспеншіліктеріңіздің арқасында біз ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте және әлеуметтік салада айтарлықтай жетістіктерге қол жеткіздік.

Жаңа жыл – бұл тек күнтізбедегі санның ауысуы емес, бұл жаңа үміттер мен жарқын жоспарлардың бастауы. 2026 жылы біздің алдымызда Глубокое ауданын одан әрі дамыту бойынша ауқымды міндеттер тұр. Біздің жасампаздық рухымыз бен ауызбіршілігіміз ең батыл жобаларымызды жүзеге асыруға көмектесетініне сенімдіміз.

### Қадірлі достар!

Жаңа жыл мерекесі әр шаңыраққа жылулық, береке мен қуаныш әкелсін. 2026 жыл игі өзгерістердің, кәсіби жеңістер мен жеке бақыттың жылы болсын.

Сіздерге мықты денсаулық, бақ-береке және еліміздің аспаны ашық болуын тілейміз! Барлық асыл армандарыңыз орындалсын!

Жаңа жыл құтты болсын!  
Жаңа жыл – жаңа бақыт әкелсін!

Э. ТУМАШИНОВ, Глубокое ауданының әкімі.  
А. КАЛИГОЖИН, аудандық мәслихаттың төрағасы.

## Уважаемые жители Глубоковского района! Дорогие земляки!

От всей души поздравляем вас с наступающим Новым 2026 годом! Уходящий год стал для нашего района еще одной важной страницей истории. Благодаря вашему трудолюбию, терпению и любви к родной земле, мы вместе добивались успехов в сельском хозяйстве, промышленности и социальной сфере.

Новый год – это не просто смена дат, это время надежд и новых планов. В 2026 году перед нами стоят масштабные задачи по дальнейшему развитию Глубоковского района. Уверены, что наш созидательный настрой и единство помогут нам воплотить в жизнь самые смелые проекты.

### Дорогие друзья!

Пусть новогодние праздники принесут в каждый дом тепло, уют и радость. Пусть 2026 год станет годом добрых перемен, профессиональных побед и личного счастья.

Желаем вам крепкого здоровья, благополучия и мирного неба над головой! Пусть исполнятся все ваши заветные желания!

С Новым годом!  
С новым счастьем!

Э. ТУМАШИНОВ, аким Глубоковского района.  
А. КАЛИГОЖИН, председатель районного маслихата.

## Ёлка засияла – скоро Новый год!

24 декабря, в посёлке Глубокое, в парке «Болашақ», состоялось долгожданное зажжение главной новогодней ёлки, ставшее ярким и по-настоящему сказочным событием для жителей и гостей посёлка.



Праздничную атмосферу открыло театрализованное представление. Сказочные герои Леопард и Зебра отправились на поиски Снежной Звезды – волшебного символа, без которого невозможно зажечь огни на новогодней ёлке. По сюжету звезда была спрятана там, где царит трескучий мороз. Героям пришлось преодолеть холод и трудности, и в пути они даже успели замёрзнуть. Однако дружба, смекалка и вера в чудо помогли им справиться с испытаниями.

Когда Снежная Звезда была найдена, на площади воцарилось настоящее новогоднее волшебство: ёлка в Глубоком засияла яркими огнями, вызвав радостные эмоции у детей и взрослых. Праздник подарил всем хорошее настроение и ощущение приближающегося Нового года.

Праздничную программу продолжили весёлые игры и конкурсы для детей, которые с радостью включались в новогодние забавы вместе со сказочными героями. Организаторы украсили площадь парка яркой иллюминацией, световыми инсталляциями с подарками и большими светящимися цифрами «2026», ставшими популярной фотозоной для жителей посёлка.

Гульжайна БАЙТУЯКОВА

## ҚОРЫТЫНДЫ ГАЛА-КОНЦЕРТ ӨТТІ

19-желтоқсан күні облыстық филармонияның көрермендер Шырайлы Шығыстың рухын асқақтатып, мәдениетін ұлықтаған «Туған жер – алтын бесігім» жобасы аясында аудан және қала көркемөнерпаздарының қорытынды гала-концерті өтті.



С сахна төрінде Тарбағатай, Зайсан, Катонқарағай, Үлкен Нарын, Күршім, Марқакөл, Ұлан, Шемонаиха, Глубокое, Самар, Алтай аудандары мен Риддер қаласының ең таңдаулы өнерпаздары өнер көрсетті. Әр өңір ұсынған бір ғана нөмірге бүкіл өлкенің болмысы мен таланты сыйып кеткендей болды: әншілердің әуезді дауысы залды жаңғыртса, бишілердің мың бұралған

қимылы көрерменді еріксіз тәнті етті.

Байқау қорытындысы бойынша Күршім ауданы Бас жүлдені иеленіп, 15 миллион теңгелік сертификатқа ие болды. Жүлделі 1-орын мен 10 миллион теңге Тарбағатай ауданына бұйырса, 2-орынды Ұлан ауданы, ал 3-орынды Марқакөл ауданының ұжымы қанағат тұтты. Жеңімпаздарды салтанатты түрде марапаттаған Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Аманұлы Сақтағанов бұл жобаның өңір

мәдениетін жандандырудағы, ауылдағы таланттардың бағын ашудағы маңызы ерекше екенін атап өтті.

Бұл кеш Шығыс жұрты үшін тек концерт емес, ұлттық өнер мен туған жерге деген шексіз махаббаттың көрінісіне айналды.

Меруерт ТОЛҒАНБАЙ



По данным Национального банка ▲ USD - 510.18 ▲ EUR - 601.91 ▲ RUB - 6.51 ▼ CNY - 72.60



КАЗГИДРОМЕТ: 26 ДЕКАБРЯ -1-12 ☁ 27 ДЕКАБРЯ -13-19 ☁ 28 ДЕКАБРЯ -15-21 ☁ 29 ДЕКАБРЯ -14-20 ☁ 30 ДЕКАБРЯ -11-17 ☁ 31 ДЕКАБРЯ -12-16 ☁ 1 ЯНВАРЯ -6-12 ☁

# ИТОГОВЫЕ СЕССИИ МАСЛИХАТА

18 декабря состоялась очередная тридцатая сессия Глубоковского районного маслихата. В ходе заседания были рассмотрены ключевые вопросы социально-экономического развития района и организационной деятельности маслихата.



По первому вопросу повестки дня «О Глубоковском районном бюджете на 2026-2028 годы» с докладом выступила заместитель акима района Евгения Николаевна Литвиненко, которая представила основные параметры проекта бюджета, приоритетные направления финансирования и планируемые расходы на

предстоящий трехлетний период.

Вторым вопросом был рассмотрен отчет о работе по организации деятельности маслихата. С докладом выступил Алтай Советханович Калигожин, председатель Глубоковского районного маслихата, который проинформировал депутатов о работе сессий и постоянных

комиссий, о взаимодействии с государственными органами, а также о рассмотрении обращений граждан.

В ходе заседания депутаты также рассмотрели вопросы, касающиеся утверждения плана работы районного маслихата на 2026 год, внесения изменений в решение Глубоковского районного маслихата от 12 марта 2019 года №31/11-VI «Об утверждении персонального состава комиссии по поощрению граждан, участвующих в обеспечении общественного порядка».

По итогам рассмотрения всех вопросов повестки дня были приняты соответствующие решения.

23 декабря состоялась тридцать первая внеочередная сессия Глубоковского районного маслихата. На заседании рассмотрены следующие вопросы повестки дня:

1. О бюджетах поселков, сел и сельских округов Глубоковского района на 2026-2028 годы;
2. Об утверждении Плана



развития Глубоковского района на 2026-2030 годы;

3. О заключении соглашения по социально-экономической поддержке населения Глубоковского района.

По первому и второму вопросам повестки дня с докладом выступил Даурен Кадылканович Калижаров, исполняющий обязанности руководителя экономики и бюджетного планирования Глубоковского района, который представил основные параметры бюджетов поселков, сел и сельских округов на предстоящий трёхлетний период, а также ключевые направления и

целевые показатели Плана развития Глубоковского района на 2026-2030 годы.

Вопрос «О заключении соглашения по социально-экономической поддержке населения Глубоковского района» в связи с предоставлением неполного пакета документов был признан неподготовленным к рассмотрению и, по решению депутатов, был снят с повестки дня.

По итогам обсуждения рассмотренных вопросов были приняты соответствующие решения.

НАШ КОРР.

## ВОЗРАСТ СЕРЕБРЯНЫЙ, ДУША МОЛОДАЯ!

20 декабря в ДК села Прогресс состоялось открытие клуба ветеранов «Серебряный возраст».



На это открытие приглашены и ветераны сёл Уварова, Кожохова и п. Глубокого.

Работники культуры с. Прогресс подготовили по этому поводу замечательный концерт, который открыла Нина Николаевна Жаканова, председатель совета ветеранов этого села и хозяйка мероприятия, собственным исполнением. Певцы и танцевальные коллективы ДК создали праздничное настроение го-

стям.

А за дружеским чаепитием ветераны поздравляли друг друга с наступающим Новым годом, предлагали идеи для работы клуба.

Почётным гостем на этой встрече была Елена Владимировна Ступак из Глубокого, труженица тыла, которая была в уходящем году на Параде в Астане в честь 80-летия Победы, представителем нашего района. Она подели-

лась впечатлениями от этой поездки, кратко рассказала о работе совета ветеранов района, который она возглавляла много лет.

Конкурсы, розыгрыши, песни и танцы создали теплую, душевную атмосферу.

Сколько забытых добрых песен мы вспомнили на этой встрече, самых волнующих песен нашей юности! А как танцевали – прямо ретро-дискотека!

Председатель совета ветеранов с. Кожохова Татьяна Михайловна Жарликова предложила следующую такую встречу провести в Кожохово.

Мы убедились, что клуб «Серебряный возраст» – единомышленники из ветеранских организаций соседних сёл. И его создание ляжет в основу программы «Активное долголетие».

**Ирина НЕМЧЕНКО,**  
член президиума  
районного совета  
ветеранов.

## БУДНИ РАЙОНА

## КОГДА ГРАНТ СТАНОВИТСЯ СТАРТОМ

24 декабря в Молодёжном ресурсном центре района в рамках поддержки женского предпринимательства прошёл круглый стол, объединивший активных и инициативных женщин – победительниц гранта «Jasa Jastar», успешно реализующих собственные предпринимательские проекты.



В числе участниц мероприятия: швейная мастерская Акерке Ерсайиновны Естаевой с обучением молодёжи, проект по открытию мебельного цеха Алтынай Тлеубеккызы Кабылкәримовой, а также социально значимый проект «Особый стиль» – инклюзивная парикмахерская для особенных детей, представленный Ириной Ивановной Красковой.

Основными темами обсуждения стали государственные меры поддержки бизнеса, грантовые программы, льготное кредитование и практические вопросы ведения предпринимательской деятельности. С полезной и актуальной информацией выступили директор Молодёжного ресурсного центра Глубоковского района Л.О.

Нуркасынова, специалист Карьерного центра Э.С. Миябаева, которая рассказала о возможностях обучения в рамках программы «Бастау Бизнес», а также директор Дома дружбы Глубоковского района Г. А. Сейлжанова, отметившая значимость женских инициатив для социально-экономического развития территории.

Встреча прошла в деловой и конструктивной атмосфере и стала эффективной площадкой для обмена опытом и обсуждения актуальных вопросов развития женского предпринимательства. Участницы подчеркнули важность подобных мероприятий и выразили готовность к дальнейшему сотрудничеству.

**Гульжайна БАЙТУЯКОВА**

## ВЯЧЕСЛАВ ТКАЧТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ ӨТТІ



Шығыс Қазақстан облыстық филармониясының көрермендер залында өңір мәдениетінің жарық жұлдызы, ҚР Еңбек сіңірген әртісі Вячеслав Михайлович Ткачтың 65 жылдық мерейтойына арналған үлкен концерт өтті. Мерекелік кеш Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Александр Галсановтың жетекшілігіндегі

симфониялық оркестр орындаған П. Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсының салтанатты әуенімен басталып, көрерменді бірден жоғары өнер әлеміне жетеледі.

Кеш барысында Вячеслав Ткачтың шығармашылық жолын баяндайтын бейнекөріністер ұсынылып, бағдарлама әлемдік классиканың

жауһарлары – С. Рахманинов, Д. Россини, Ж. Бизе шығармаларымен және қазақ композиторларының туындыларымен өрнектелді. Сахнада мерейтой иесімен иық тірестіре өнер көрсеткен оның шәкірттері – бүгінде Еуропа мен Ресейдің беделді сахналарында жүрген халықаралық байқаулардың лауреаттары ұстаз мектебінің биік деңгейін көрсетті.

Аймақ басшысы Нұрымбет

Сақтағанов мерейтой иесін құттықтап, оның өңірдің музыкалық өнері мен білім беру саласына қосқан өлшеусіз еңбегін, жаңа буынды тәрбиелеудегі адалдығын жоғары бағалады. Өріптестері мен мәдениет қайраткерлерінің ыстық лебізіне ұласқан бұл кеш көрерменнің толассыз қошеметімен аншлаг жағдайында өтті.

Меруерт ТОЛҒАНБАЙ



## АЯЗ АТАЛАР МЕН АҚШАҚАРЛАР ШЕРУІ ӨТТІ



19-20 желтоқсан күндері Шығыс Қазақстан облысы нағыз мерекелік думанның орталығына айналды. Риддер және Өскемен қалаларында өткен «Аяз ата, Ақшақар – 2025» халықаралық фестивалі тек аймақтық емес, мемлекетаралық деңгейдегі

маңызды оқиғаға айналып, өңірдің қысқы туризмін дамыту мен мәдени байланыстарды нығайту жолындағы жаңа белесті көрсетті. Биылғы шараның ауқымы кеңейіп, оған Қазақстан Республикасындағы Өзбекстан Республикасы елшілігінің өкілдері, сондай-

ақ Ұлытау, Жетісу және Абай облыстарынан келген арнайы делегациялар қатысты. Фестивальдің басты ерекшелігі – бір мезетте 120-дан астам Аяз ата мен Ақшақар жұбының бас қосуы болды, бұл Шығыс аспанын нағыз қиял-ғажайып әлеміне бөледі.

Мерекелік шара 19 желтоқсанда еліміздің ең қарлы өңірі Риддер қаласында бастау алды. Мұнда Аяз аталар мен Ақшақарлардың қала тұрғындарымен бірге жаппай шаңғымен жүгуі нағыз спорттық-мәдени шоуға айналды. Басты кейіпкерлердің ақ ұлпа қар үстіндегі шеруі орталық алаңдағы «Қазақстан қысының сиқыры» атты концерттік бағдарламаға ұласып, қатысушы жұптар арасында ең үздік кейіпкерді анықтайтын қызықты байқаулар ұйымдастырылды. Келесі күні думанды шара «Алтай Альпісі» тау-шаңғы кешенінде



жалғасып, тау баурайынан жаппай сырғанау мен ойын-сауық бағдарламалары қонақтарға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Фестивальдің түйіні Өскемен қаласындағы маңызды шаралармен қорытындыланды. Қонақтар мен басты кейіпкерлер Солжағалау кешеніндегі Аяз ата резиденциясының маусымдық ашылу салтанатына қатысып, балаларға базарлық үлестірді. Мерекелік бағдарлама облыс орталығындағы Аяз аталар

мен Ақшақарлардың салтанатты шеруімен және орталық алаңдағы басты шыршаны жағу рәсімімен аяқталды. Бұл халықаралық жоба Шығыс Қазақстанның туристік тартымдылығын арттырып қана қоймай, тұрғындарға 2026 жылға деген үлкен үміт пен жарқын көңіл-күй сыйлаған маңызды рухани бастама болды.

Меруерт ТОЛҒАНБАЙ

## СНЕЖНЫЕ РАДОСТИ В АЛТАЙСКИХ АЛЬПАХ



20 декабря на горнолыжной базе «Алтайские Альпы» развернулось настоящее зимнее волшебство. Второй день международного фестиваля-конкурса «Аяз Ата – Ақшақар 2025» подарил гостям массу ярких впечатлений и незабываемых эмоций.

С утра заснеженные склоны ожили от веселого смеха и радостных криков: любители активного отдыха смело скользили по белоснежным трассам, наслаждаясь свежим горным воздухом и захватывающими спусками. Атмосфера была наполнена азартом и вдохновением – казалось, что каждый уголок природы поддерживает этот праздник зимних радостей.

Не оставили без внимания и маленьких гостей фестиваля: для детей организовали занимательные игры и веселые мастер-классы, где каждый мог почувствовать себя частью сказочной зимней страны.

Кульминацией дня стала яркая концертная программа, которая подарила

настоящую феерию музыки и танца на фоне снежных вершин. Праздник в окружении величественной природы словно согревал сердца участников, оставляя самые теплые воспоминания.

Особой гордостью района стала победа наших сотрудников Дома культуры им. Абая: они заняли первое место на этом фестивале республиканского уровня. Соревновательная часть конкурса прошла в г. Риддере в два этапа: сначала главная пара района представила себя, свой край и показала креативную поздравительную программу, а затем организовала увлекательные игры с детьми. Их мастерство и творческий подход получили заслуженное признание.

Второй день фестиваля показал, как красиво и ярко могут встречать зиму и в нашем районе, объединяя спорт, творчество и радость в одном большом снежном празднике.

Гульжайна БАЙТУЯКОВА

## НЕЗАВИСИМОСТЬ – ОПОРА СТРАНЫ

В Белоусовской сельской библиотеке прошел познавательно-игровой час ко Дню Независимости Республики Казахстан для детей с инвалидностью и лиц старше 18 лет с психоневрологическими заболеваниями, организованный КГУ «Территориальный центр предоставления специальных социальных услуг» акимата Глубоковского района.

Ведущая Н.И. Худякова рассказала детям о значении государственного праздника – 16 декабря, когда Казахстан обрел независимость и стал свободным, суверенным государством. На вопрос: «Что такое Родина?» ребята делились своими мыслями, называя свой дом, семью, родной край, страну. Прозвучали стихотворения, посвященные Родине и родному Казахстану.

С особым уважением дети прослу-

шали государственный гимн, закрепили знания о государственных символах страны.

В познавательной викторине: «Знаешь ли ты Казахстан?» участники приняли активное участие, проявляя свои знания.

Игровая часть мероприятия включала игры: «Собери пазлы» и национальная казахская игра: «Тюбетейка», которые подарили радость и улыбки детям.

Творческое задание «Казахстан глазами друзей» объединило всех участников в коллективную работу.

Завершилось мероприятие национальной традицией «Шашу».

Праздничная встреча прошла в атмосфере дружбы, взаимопонимания, оставив у всех участников яркие и добрые впечатления.



Алуа МАМЫТОВА, заведующая отделением №4 КГУ «Территориальный центр предоставления специальных социальных услуг акимата Глубоковского района».

# ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР ТАҒДЫРЫ

**АҚАН СЕРІ** Қорамсаулы (1843-1913) Айыртау ауданындағы Үлкен Қоскөлде туған. Шын аты – Ақжігіт, Қарауыл руынан. Оның бай әкесі Қорамса баласын ауылдық молладан арабша сауат аштыртып, 13 жасында Ақанды Петропавлға медреседе оқуға жіберді. Бірақ діни уағыздар табиғатынан зерделі ұшқыр ойлы баланы тез жалықтырды, сондықтан ол үйіне қайтып келді. Бірақ қалада орыс тілін сөйлеп үйреніп үлгерді. Ақан Сері неткен ғажап өлең сөздің патшасы:

«Аулым қонған Сырымбет саласына,  
Болдым ғашық ақ сұңқар баласына.  
Бидайыққа лайық қарағым-ай,  
Бектергіге қор болып барасың ба?» - десе.

Балқадиха әні қазақтың ұлы ақыны, дарынды композиторы, күміс көмей әншісі Ақан Серінің мәңгілік мұрасы. Бұл әнді Ақан 1904 жылы Бұланды тауының етегінде жаны күйзелісте отырған кезде суырып салма жанырында өмірге әкелген. Әннің құдыреті соншама зор – соңғы 121 жылда «Балқадиха» қазақ Сахарасында, көрші елдерде өте көп айтылды.

Өкінішке орай, өткен 121 жылда «Балқадиха» тек екі рет қана Ақан Серінің деңгейінде шырқалды: 1925 жылы Парижде Дүние жүзілік өнер көрмесінде Өміре Қашаубаевтың, 2025 жылы Атыраулық 14 жастағы дзюдошы Иса Бекболаттың орындауында. Арасы тура бір ғасыр. Өйткені «Балқадиханың» әуені өте күрделі. Бұл ән – нақышы сегіз қырлы заңғар ұлы дала симфониясы: тұлпардың шабысы, аққудың жүзуі мен қыранның қалықтауы.

Ақан Серінің «Қараторғай» әні 1909 жылы өмірге келген. Ол Ақанның жан серігіне айналған бүркітке арналған сырлы туынды. Қартайған бүркіттің шаршаған бейнесі арқылы Ақан Сері өмірдің өткіншілігін суреттейді.

«Келеді Қараторғай қанат қағып,  
Астына қанатының маржан тағып.  
Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,  
Айрылдым қапылыста сенен нағып».

Осы 115 жылда «Қараторғайды» да әншілер «Балқадиха» секілді сансыз көп рет айтқан. Бірақ ақынның драма мен трагедияға толы ішіне жиналған шерін еш әншіге тыңдаушысына Ақанның өзіндей жеткізу оңай болмаған. «Қараторғайды» 2024 жылы Ресейдің Алтай республикасының Қосағаш ауданының мектеп оқушылары нағыз авторлық нақышпен орындап, қазақ музыка өнерінің тереңдігін көрсетті.

Ақан Серінің «Балқадиха», «Қараторғай» тағы басқа атақты әндері оның өмірінің драмаға толы соңғы кезінде дүниеге келді. Ақан әндерін әсерлі айту үшін Ақан образына кіру қажет. Бірақ, Ақан Сері образы – қиын өмір иесінің образы. 14 жастағы дзюдошы Иса Бекболат оны игерді.

Ресейдің Алтай республикасының Қосағаш ауданының мектеп оқушылары – олар албырт, адал, өмірде тек әділдікке сенетін үлбіреген жастар. Тағы бір себеп: шалғайда елі мен жерін сағынып, елеңдеп жүрген адамдардың жан дүниесінің күйі Ақан Серінің «Қараторғайымен» тура үндес.

Ақан Сері өзі дәуірлеп тұрған кезінде Балуан Шолақ, Біржан сал (1834-1897, Жөкей, Степняк) Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса (1835-1929, Баянаул, Жасыбай), Естай (1874-1946 Екібастұз, Ақкөл ауылы), Құманғазы (1818-1889, Бөкей ордасы), Мәшһүр Жүсіп (1858-1931, Баянауыл), Иманжүсіп (1863-1931, Ақсу, Павлодар) сияқты ақын-әншілермен аралас болып, халықтың рухани өміріне ауқымды ықпал еткен.

Ақан Серінің әні «Балқадиха» Көкшетау мен Атбасар дуандарында би болған атам Беген би – (Беген пірадар, Бекмағанбет) Дүйсенбайұлының (Қасқатау ауылы, Зеренді ауданы, руы Қылды Қарауыл, 1864-1950) досы Ыбырай бидің (Қараөткел, Зеренді ауданы, Қылды Қарауыл) қызы Балқадихаға (Қадихаға) арналған.

Балқадиханың туған жері – Қараөткел ауылы (1883-1950). Оның шын есімі – Төкен. Әкесі Ыбырай кезінде қара қылды қақ жарған сол өңірдің белгілі әділ биі болған.

Зеренді тауына жалғас жатқан Қошқарбай тауы, одан әріректе орналасқан Жыланды тауы. Ақан Сері сол маңдағы ауылдарды өнмен сусындатып, Жыланды жағына барғанда, Балқадиханың ұзатылғанын естиді. Сонда ол қапаланып:

«Басынан Жыландының құлағаным,  
Кекілін Кербестінің сылағаным.  
Кетті деп Балқадиха естігенде,  
Құшақтап құз-жартасты жылағаным», - деп өлең шығарған.

Балқадиха 1904 жылы 21 жасында Кеңөткел ауылында өзінен алты-жеті жас үлкен Сүлейменге тұрмысқа шығады. Отызыншы жылдары оны: «әкесі Ыбырай би болған, келген жері бай – құлақ» деп кәмпескеленеді. Балқадиха 1937 жылы күйеуімен Челябинің Златоуст деген қаласында пана тауып, 1939 жылы еліне қайтып оралады. Балқадиханың анасы да, жұбайы да Қылды Қарауыл руынан.

**Шоқан Уәлихановтың** (1835-1865) қазасына Ақан Сері көңіл айтып, оны Көкшенің биігіне, теңіздегі кемеге теңейді, «40 темірдің қылауын қосқан өнерпаз» деп бағалайды. Қазақ руханиятында әлі күнге көп құпиясы ашылмай келеді. Мысалы, «Аққан жұлдыздың» да ақылға сыймайтын соншама шалақ аянышты ғұмыры.

Ақан серінің бір мезгілде басына түскен қос трагедиясы: сүйікті жары Ұрқияның өлімі мен жан серігі Құлагердің тағдыры еді. Құлагердің мерт болуымен бірге Ақанның өзі де рухани қазаға ұшырады. Ақанның қанаты қайрылды, пырақты шабысынан айрылды. Жалғыз өзі ел-жұртынан жырақ күй кешті. Құлагер өлімі жаралы жанын күйреткен, аяусыз соққы болды. Қиянат пен әділетсіздіктен жапа шекті:

«Жел соқса, қамыс басы майда деймін,  
Атыңды, ат айдаушы, айда деймін.  
Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды,  
Жығылмаса Құлагер, қайда деймін?!» - деп зар жылаған.

Ақан Серінің әкесі Қорамсаның зираты үлкен тас жолдағы өздерінің ежелгі ата қоныстары – **Комаровка** селосында, бұрынғы Шыбынды ауылы.

Ал, баласы – Ақан Қорамсаулы Айыртау ауданының Тереңкөл ауылынан солтүстікке қарай 9 шақырымда айдалада жерленген. Туған апасының (әпкесінің) жанына қоя салған екен. Ол жерге көзір тек ит-құс пен адасқан адам ғана барады!

Комаровка селосы бұрынғы Шыбынды ауылы екенінің дәлелі: 1861 жылы Ресей империясында крепостнойлық құқық жойылған соң Сарыарқаға келген қоныс ауыстырушы Ресей халқының өкілдері топонимдермен айналысқан. Олар қазақ жер-су аттарын өз тілдеріне түсінікті етіп өзгерткен.

Қазақша ГУГЛ-де бұл топоним жоқ. Орысша ГУГЛ-де: «Название «Комаровка» могло произойти от обилия комаров» – делінген. Бұл фамилия емес. Ол топоним, өйткені Үлкен Қоскөлдің жанында тағы 2 көл бар. Ол сулы батпақты, шыбын-шіркейге толы дымқыл жер.

Әлбетте қазақтың жер-су аттары сол тұстың ерекшелігімен тікелей байнаста. Мысалы: Шыбынды, Қоянды, Қарғалы, Бүркітті, Жыланды, Түлкілі, Теректі, Сабынды, Қарағайлы, Қайыңды, Қарағанды, Сандықтау, Сарытау (Саратов), Көкшетау (Кокчетав), Шортан көлі, Шортан кенті, Ақбұлақ, Қарабұлақ, Қос томар (Костомаровка), Тырналы (Журавлёвка) т.с.с.

1993 жылы ақынның 150 жылдығына орай Қоскөл маңына жаңа заманауи Ақан сері ауылы мен Ақанға арналған мемориалдық кешен-ескерткіш текке салынды. Көзір, ол үлкен жолдан тым шалғай қаңырап қалған ауылда өшкір тұрмайды, халқы қалаға көшіп кеткен.

Осындай тағдырлы кезеңде ғалымдарымыз көзден ғайып, жоқ болып кетеді. Бірақ, банкетке олар баяндама жасап, ақыл айтуға келеді.

Сол жылдары Ақан ескерткішін, мәдениет үйін, жаңа мектепті Комаровкаға салып, атын «Ақан Сері ауылы» деп өзгерту қажет еді! Ақанның Тереңкөлдегі сүйегін Шыбындыға (Комаровкаға) әкеліп, арулап жерлеп үстіне көркем кесене салу ұрпақтары мен халқына әрі үлкен сын, әрі жауапты міндет.

Тереңкөлдегі халық көрмеген тамаша Ақан ескерткішін де Шыбындыға (болашақ **Ақан Сері** ауылына) көшіру қажет.



Ресейдің Астрахан облысы Володар ауданындағы қазақ ауылы Алтынжардағы Құрманғазы Сағырбайұлының кесенесі.


Қаншама қаржы далаға кетті, нәтиже жоқ. Бұл жұмысты Ақмола мен СҚО облысының әкімшіліктері қолға алса, әлі де кеш емес.

1975 жылы Дінмұханбет Қонаев Ақтауға іссапармен барып, көшкісін қала жұртшылығымен кездесу кезінде, әзілдеп айтқан екен: «үйлеріңізден зираттарыңыз әдемі екен, неге?» - деп. Сонда, Адайдың бір ақсақалы: «Димеке, өйткені үйлерді сіз салдыңыз, зираттарды біз салдық» - деген. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ!



Ақан Сері Қорамсаулының кесенесі. СҚО, Айыртау ауданы, Тереңкөл ауылынан солтүстікке қарай 9 шақырымда орналасқан.

1973 жылы Ақан Серінің 130 жылдығына орай Целинорад облысы Ерейментау ауданы Еркіншілік совхозының директоры **Давид Риммер** сол жерде жол жағасына **Құлагерге** қоладан ескерткіш орнатқан, бірақ оны 1993 жылы жергілікті «батыр іскерлер» кесіп металл сынықтарына тапсырған. Неміс Давид Риммердің қазақ безген Құлагерге бас игені – оның көреген саналы адам екендігі. Өкініштісі, бұл шағын ескерткіште айышқ мағана мен терең сыр бар еді. Астана – Бурабай жолындағы Құлагер мүсінінде ол жағы жетіспейді.



Рахмет Беген би ұлы Дүйсенбай немересі, руы Қылды Қарауыл, Орта жүз, Арғын тайпасы (1908-1985). Қарабұлақ ауылы Бурабай ауданы Көкшетау облысы.

Ақан серінің ғашығы – Ақтоқтының жерленген жері «Ақтоқты зираты» Көкшетау облысы, Зеренді ауданы, Қызылағаш ауылында орналасқан.

Қортыпайтқанда: Ақан Серінің шығармашылығындағы лирикалық әндер – халық шығармашылығының жарқын үлгісі. Олар ұлттық мәдениетке ерекше көркем тіл мен жоғары поэзия үлгілерін енгізді, халықтың рухани сұлулығын, мұраттары мен ұмтылыстарын, адамгершілік негіздерін көрсетті.

Болашақ **Ақан аулында** (ежелгі Шыбындыда, бүгінгі Комаровкада) Ақан Сері Қорамсаулының дарынына лайықты кесене салынса, ол ән өнерінің **Меккесі** болуы айғақ.

**БАЛУАН ШОЛАҚТЫҢ** (1864-1919) азан шақырылып қойылған аты Нұрмағанбет. Шыққан тегі – Ұлы Жүздің Дулат тайпасының Самбет руынан. Өмірі Көкшетау өңірінде нағашылары: Атығай-Қарауыл руларының арасында өткен.

Балуан Шолақ менің атам Беген бимен әрі құрдас, әрі сырлас-дос болған. Ол біздің ауылдан 90 шақырым жердегі Бұланды ауданының Қызыл кордон ауылынан 6 шақырым жердегі Тастыөзек атты ауылда өмір сүрді. Қызыл кордонда бұрын патшаның атты әскерінің (шекпендер) тұрағы, кейін орман шаруашылығы болған. Балуан Шолақты 1917 жылы белгісіз біреу Ақбалақтың орманынан шығып келе жатқанда атып, жаралаған. Екі жылдан кейін Балуан Шолақ сол оқтан қайтыс болған.

Балуан Шолақ жыл сайын Бұландыдан шығып Атбасар жәрмеңкесіне атқосшыларымен бара жатқанында біздің ауыл Қасқатауға 1-2 күнге келіп, сыйлы қонақ болып, өлең айтып, халықпен жүздесіп кетеді екен.

«Сонда біз алты қанат ақ үй тігіп, оны әшекейлеп, жанындағы көк шөпке кілем, алаша, кигіз төсеп, жерошақтағы қазандарға ет пен бауырсақ пісіріп мәзім-мәйрам болатынбыз!» - деп маған бала кезімде әжем Шәйізза айтатын. Қонақтарға атаң ең үлкен, ең семіз қойды сойғызырлатын.

Абай айтқандай:

«Құдай-ау, қайда сол жылдар,  
Ақырын, ақырын шегініп,  
Алыстап кетті-ау құрғырлар.  
Жалынасың, боқтайсың,  
Сағынасың, жоқтайсың».

**ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ** (1860, Айыртау ауданы – 1930, Орынбор, Ресей). Оның Кеңес үкіметін сынап, Патша заманын мақтап Орынбор түрмесінде шығарған соңғы өлеңін әкем Рахмет Бекмағанбетұлы (1908-1985) бала кезімде біз шөптен келе жатқанымызда арбаның үстінде қоңыр дауысымен айтып отыратын.

«Айналайын Советім,  
Өлімге тартты төбетің.  
«Аша тұяқ қалдырмай»,  
Асқынды масыл ғадетің.  
Зобалаң келді тонаған,  
Сыпырдың малды қорадан.  
«Едрена мать Николай,  
Қырсығың тиді-ау бір талай».  
Сыбасам да сыр бермей,  
Демедің – «достым бұл қалай?»  
Атымды елге білгіздің,  
Жүйрік пен жорға мінгіздің».

Осы өлеңі үшін Үкілі Ыбырай 70 жасында Орынборда атылған. Ашаршылық, коллективизация мен репрессия мәселесін жырларымен алғаш рет көтерген Үкілі Ыбырай ақын.

**БІРЖАН САЛ** (1831-1894, Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданы, Жөкей ауылы) – алты Алашқа аты жайылып, аспандағы лашыңға үнін қосқан өмірінің соңғы кезеңі трагедиялық жағдайда өтті.

**Біржан мен Сара айтысы** – айтыс өнерінің озық үлгісі. Ол 1871 жылы Алматы облысының Қапал-Ақсу өңірінде Ешкөлмес тауының баурайында Тоғызқұмалақ мекенінде Біржан Қожағұлұлы мен Сара Тастанбекқызы арасында өтеді.

Ел ішіндегі руаралық талас-тартыстың салдары Біржанға да соқпай кеткен жоқ. Біржанды «жынданды» деп ел арасына жалған лақап таратып, қол-аяғын байлап, жан азабын тартқызады. Біржан салды «жынды» деп арбаға байлап, домбырасын сындырған еді.

«Теміртас, Асыл, Ақық, қарақтарым,  
Үкідей мен сендерді балақтадым.  
Денеме кендір арқан жаман батты,  
Қайдасың Асыл, Ақық қолымды шеш.  
Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті,  
Шешсеңші, білегіме арқан батты».

Абаймен 1865 жылы кездесуі Біржан салдың композиторлық, әншілік, ақындық өнерінің дами түсуіне үлкен әсер етті. Біржан сал қазақтың дәстүрлі әншілік өнерін, халық музыкасын жаңа белеске көтеріп, өз өлеңдерімен толықтырған ірі тұлға.

«Жанбота, осы ма еді өлген жерім,  
Көкшетау боқтығына көмген жерің?  
Кісісін бір болыстың біреу сабап,  
Бар ма еді статъяда көрген жерің?  
Жанбота, өзің – болыс, әкең – Қарпық,  
Ішінде сегіз болыс шенің артық.  
Өзіндей Азнабайдың поштабайы,  
Қолымнан домбырамды алды тартып».  
Ғұлама ойшыл, ұлтының маңдайына біткен жарық жұлдызы – **АБАЙҒА** қол көтеріп, оны кеше ғана соққаға жыққан неткен біз соншама бейшара қоғам болдық:  
«Арғын, Найман жиылса,  
Таңырқаған сөзіме.  
Қайран сөзім қор болды,  
Тобықтының езіне», - деп ұлы Абай сол шақта зарлаған.

**ЖАЯУ МҰСА** (1835-1929) – саналы өмірін әділет жолындағы табанды күреспен өткізген ірі тұлға. «Туған жерім Баянауыл, Кейде тынық, кейде дауыл» деген екен. Қиянатқа қарсы күрестің айбынды ұранына айналған өлеңі «Ақ-сиса». Өнер иесі, әділдік үшін күрескен жан. Шорманов – Шоқан Уәлихановтың туған нағашысы.

«Шорманның Мұстапасы атымды алып,  
Атандым сол себептен Жаяу Мұса.  
Жаныма батқандықтан ашынамын,  
Мен неге жаяуым деп басыламын  
Малым жоқ Шорман айдап алатұғын,  
Қорлығын Мұстапаның паш кыламын», - деп жырлады.

**МӘДИ БӘПИҰЛЫ** (1880-1921). Арқаның әйгілі күрескер ақыны, композиторы, әншісі, сал-серісі. 1921 жылы Мәди қайтыс болады. Ол да өз ажалымен өлмеген. Атып кеткен.

«Атыңнан айналайын Қарқаралы,  
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.  
Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай,  
Мен бір жан құғын көрген Арқадағы», - деп жырлады.  
**ӘМІРЕ ҚАШАУБАЕВ** (1888-1934) Семей облысы, Абыралы ауданы, Қайнар ауылында дүниеге келген. Шыққан тегі Орта жүз, Тарақты руы. Қазақтың атақты әншісі, актер әрі музыканты.

Әміре Қашаубаев 1925 жылы Парижде «ЭКСПО»-да Ақан Серінің «Балқадіша» мен «Қараторғай» әндерімен Европаны таң қалдырған. Ол Париж, Франкфурт пен Мәскеуде қазақ музыкасын тұңғыш рет әлемге танытқан әнші. Оның әндеріне Ромен Роллан, Анри Барбюс, т. б. тарапынан жоғары баға берілген. Сарбонна университетінің профессоры Жак Перноо Әміренің орындауында бірнеше әнді фонографқа жазып алған. А.В. Затаевич те Әміреден Ақан Серінің әндерін жазып алған.

Бір ғасыр бұрын Әміре Қашаубаев әлемнің әсемдік астанасы – Парижде Ақан Серінің «Балқадішасын» дүние жүзілік аренаға шығарады, ал «Балқадіша» да оны осы біктікке көтерді.

ВИКИПЕДИЯ: В 1925 г. в Париже (ЭКСПО – 1925) Амуре Кашаубаев выступил с казахской народной песней «БАЛҚАДИША». Бұл халық әні емес, Ақан Серінің әні ғой!

Қазақ музыкасының ұлылығын бір ғасыр бұрын Әміре Қашаубаев Парижде Ақан Серінің «Балқадішасымен» әлемге паш еткен. Онда неге Арғындар жерінің төрінде, Шоқан Уәлихановтың өскен өңірі – Айыртауда Ақан Серінің осы егеменді жаңа замандағы өте жұпыны кесенесі неге осы күнге дейін сиқымызақ болып тұр? Еш халық пен елдің Ақан Серіге өкпе-назы жоқ. Басқа ұлттар да Ақан Серіні қазақтың Моцарты деп балайды.

Әміре Қашаубаев 1925 жылғы Париж сапарында Алаш қайраткері Мұстафа Шоқаймен кездесті. 1934 жылдың 7 қарашасында Әміре Алматыда «Қыз-Жібек» операсын қою үшін үлкен премьерға дайындалады. Күләш Байсейітовамен бірге сахнаға шығып, Телегеннің партиясын орындау Әміренің арманы болады.

Қақаған қара суықта 1934 жылдың 6 қарашасында Алматы көшелерінің бірінен 46 жастағы әншінің өлі денесі табылады. Қаһарлы орган НКВД-ның қатаң уысына түскен Әміренің өлімінің өзі жұмбақ.

«Ертіс өңірі» газетіне «Жұмбақ зират немесе Әміре қайда жерленген?» деген мақала шықты. «1998 ж. ауыл қорымында бір зират көрдім. Тастағы бейнеде «Әміре Қашаубаев» деп жазылған. Мақала жазып, аудандық газетке апардым. **Әміре Қашаубаев** 1933 жылы **Ақсуатта** өн салған. Азат әжей әкесінің Күршімде мұғалім болып істегенін айтты. Сұлтанмахмұт Торайғыровпен 1923 жылы досшар болған көрінеді. Бірде Бекен Ғалымжанов сол зиратты өз көзімен көргенін есіне алды. «Ертіс өңірі» газетіне мақала жарияланды. Екінші рет келгенімде әлгі сурет жоқ болып шықты. Бұл – 2003 жыл еді. Бұл әңгіме шыққан соң тұрған тасты біреулер жоғалтып жіберді ме деген ойға қалдым».

Әміретанушы, Жарқын Шәкәрім.

ВИКИПЕДИЯ: Амуре Кашаубаев похоронен на Центральном кладбище Алматы.

**ЗАТАЕВИЧ А.В.** (1869-1936). Музыкант-этнограф, композитор, Қазақ АССР-інің халық әртісі (1923) Құрманғазы, Ақан Сері, Біржан сал, Балұан Шолақ, Жаяу Мұса, Тәттімбет, сияқты көрнекті халық композиторларының өмірі мен шығармашылығы туралы алғашқы деректерді жазып алған. 1920 жылдары Орынборда А.В. Затаевич қысқа мерзім ішінде 1500-ге жуық ән мен күй жазып алды, олар көп ұзамай оның «Қазақ халқының 1000 әні» атты алғашқы жинағына енгізілді.

Бүгінгі егеменді Қазақстанда музыка академиялары, консерваториялары, филармониялары, сан-алуан музыка мектептері баршылық, бірақ екіншіше орай музыка тану саласы ақсауда. Жюрилердің шешімдері сол

себепті дауға түсіп жатады. Екінші Затаевич те пайда болған жоқ.

**АЙЫРТАУ** ауданын 1990-шы аласапыран жылдары Солтүстік Қазақстан облысында қазақтардың үлес салмағын өсіру мақсатында Ақмола мен Петропавловск басшылары өңірдің ерекшелігін ескермей, жергілікті халықпен ақылдаспай асығыс қоса салған.

Айыртау ауданында 33 мыңдай адам тұрады: орыстар (+40%), қазақтар (-40%), немістер (-4%), украиндар (-4%), татарлар (-2%). Одан демографиялық өзгеріс болған жоқ.

Айыртау ауданы атам заманнан бері Көкшетау облысына қараған. Тарихи, рухани, мәдени және ішкі туризм тұрғысынан бұл адасу. Өйткені Айыртау, Имантау, Сырымбет (Шоқан Уәлихановтың Мұржайлық комплексі) бүгін: Бурабай, Зеренді, Сандықтау, Үлкен түкті, Кіші түкті, Қотыркөл, Алтыналаң (Златополье), Желтау, Жыланды, Қошқарбай, Қасқатау, Бұланды, Ақкөл, Шортанды ішкі «Көкшетау» туристік кластеріне енбей қалды.

Бүгін Көкшенің киелі орындары: Айыртау, Имантау, Сырымбет өз өңіріне өгей бала болып кетті. Қашанғы Көкшетау қаласы Ақмола облысының орталығы болады, егер Ақмола өзінің тарихи атын 27 жылда 4 рет өзгертсе: Ақмола, Астана, Нұрсұлтан, Астана? Оны біз қалай ішкі туризмді ретімен жергілікті бизнеске шоғырландырып дамыта аламыз, осындай өзекті мәселелерді өзіміз шеше алмасқа? Ұлытау, Қонаев, Абай облыстары оп оңай өзереіп жатыр.

Көкшетаулықтар облыстарының бұрынғы шекарасына қайта оралып, аты **Көкшетау облысы** болғанын армандайды, бірақ бас сауғалайды. Қосшы Ақмола облысының орталығы болсын деген ұсыныстар бар. Бұл Астанаға еш қажетсіз инфроқұрылымдық ауыр салмақ пен логистикалық коллапс! Облыс орталығы темір жол вокзалы мен ірі автомагистралі бар көпбағытты **Шортандыда** болғаны дұрыс. **Аэропорт**, вокзал, автобекет салып, Астана мен арасына ЭЛЕКИРИЧКА жіберсе, ешқандай ЛРТ қажет емес.

В 1997 году ЕНБЕКШИЛЬДЕРСКИЙ район Кокшетауской области был переименован в **Биржан** Сал, сохранив прежнее название райцентра города **Степняк**. «Степняк» – это псевдоним революционера и террориста Кравчинского. Также, «Степняк» – это, человек, живущий в степи. ПОЛУМЕРЫ: а надо было дать как району, так и райцентру имя **БИРЖАН**.

В 1997 году МАКИНСКИЙ район стал **Буландын-ским** районом, сохранив прежнее название райцентра города **Макинск**. Буланды – местность, где обитали лоси и там же река Буланды. ПОЛУМЕРЫ: а надо было дать как району, так и райцентру имя **БҰЛАНДЫ**.

В 2007 году ЦЕЛИНОГРАДСКИЙ район Ақмолинской области был перенесен из Коктала в село МАЛИНОВКА и она переименована в **Ақмол**. Малина на казахско языке – ТАҢҚУРАЙ. Опять ПОЛУМЕРЫ: а надо было дать как району, так и райцентру одинаковое имя **ТАҢҚУРАЙ**. Таңқурай с красивым звучанием. Ақмол – отвергнутая «АқмолА». В 1985 г. я был на конференции в селе Малиновка. Знал Гендира ПФ, Героя Соц труда Ивана Ив. Шарфа.

Названия многих штатов США индейского происхождения: Алабама, Аляска, Айова, Айдахо, Арканзас, Коннектикут, Иллинойс, Индиана, Канзас, Кентукки, Мичиган, Миннесота, Миссисипи, Миссури, Небраска, Огайо, Оклахома, Орегон, Теннесси, Техас, Юта, Висконсин, Вайоминг – они отражают племена или слова коренных народов.

Генетические исследования показали, что предки коренных индейцев – протоиорки пришли из Алтая через Берингов пролив в Америку 15-25 тысяч лет назад. Это подтверждается маркерами в ДНК у алтайцев и индейцев.

У нас быстро решили административно-территориальный вопрос в Восточно-Казахстанской, Карагандинской и Алматинской областях. С бывшей Аркалыкской областью ситуация общеизвестна, так как там сохраняется отрицательное миграционное сальдо.

В этой связи, у жителей бывшей Кокшетауской области возникает вполне резонный вопрос к руководству страны: когда наконец восторжествует справедливость и область обретет свое исконно историческое название? Я живу в Алматы с января 1980 и меня, как уроженца Кокшетауской области, этот вопрос волнует не меньше и не первый год.

В случае оптимизации **Ақмолинской области** село **Косшы** возможно станет новым областным центром, что, в обозримом будущем, ухудшило бы состояние **экологии** и вопросы с **пробками** в Астане от избытка автотранспорта – этой глобальной проблемы, вызванной ростом числа автомобилей и неадекватной дорожной инфраструктуры.

**БЕГЕН-БИ** атам да жаңұсымен отызыншы жылдары ауылдас ағайындарының көрсетуімен көмпескеге ілініп, сосын сот шешімімен Краснояр өлкесіне жер аударылуға үкім шыққан. Бірақ, этаппен келіп Бұлаев кентінде бірнеше жыл тұрып, сосын еліне қайтып оралған.

Атамның қайын атасы Ахмет те, балдызы Есмағұл да Көкшетау қаласының (15 разъездің) жанындағы ауылда болыс болған адамдар. Жездесі мен балдызы әзіл-наздары жарасқан, өте силас адамдар болған.

1978 жылы Көкшетауда қызмет істеген кезімде әкемнің нағашы жұртына бардым. Сонда Мұқаш ақсақал айтты: Бір жолы балдызы Есмағұл жездесі

Беген биге сәлем айтып жіберіпті «Бір семіз қой мен бір қап ұн алып келіп қайын жұртында аунап-қунап кет!» - деп. Жездесінің балдызына жіберген әзіл жауабы: «Ондай сый апарсам мен Мекелайдың (Николаевканың) орысы да төріне шығарады» - депті. Бұл өзара силастықтың үлгісі. Бүгін ағайындарда ондай ұмтылыс жоқтың қасы. Көпшіліктің іздегені қара бастың пайдасы.

**ШӘЙІЗЗА** Ахметқызы (1893-1969 ж.ж.) әжем – ұзын бойлы, аққұба, ақкөңіл, аңқау, ағайынның бірін-біріне атыстырып-шабыстыру дегенді білмейтін, қолы ашық, бауырмал, қамқор, еңбекқор, қайратты кісі болды. Мен «болыстың қызымын» деп айтқанын ешқашан естіген емеспін.

Әзіміздің жаңұяда алты бала болдық. Неге екені маған беймәлім, әжем Шәйізза сырларын жерошақ басында тек маған айтып, ескертетін: «Ешкімге айтушы болма!» - деп.

Әжем: «Атаңның төрт інісі болған: Есмағанбет, Нұмағанбет, Жүкен, Кәлкен. Бізде мал ортақ болды. Шаруашылықты сол төртеуі ұстады. Бір қораның астында 5 келін тату-тәтті ғұмыр кештік. Атаңды қыста боран мен аязда, жазда нөсер мен аптапта Атбасар мен Көкшетау жақтан ірі «жер мен жесір дауына» өздері келіп алып кететін, өйткені ұсақ дауды ауыл ақсақалдары өздері шештін».

1958 жылы маған әжем айтты: «Бізге үкімет бірінші көмпескеде малдарың аздау деп тиіскен жоқ. Сосын, ауылдан біреулер үстімізден арыз жазып, атаңды дінді дәріптейтін пірәдар, сопы – деп екінші көмпескеге ілдірді. Ал анау, шарбақта ілулі тұрған сырға текемет біздің үйдікі. Бұлар оны ұялмай-қызармай далаға жаяды».

**БЕКМАҒАНБЕТОВ ШАМШОЛЛА** (1923-1950 ж.ж.) – әкемнің жалғыз туға інісі. Ол 1940 жылы Зерендіде 7-жылдық орыс мектебін бітіргесін Көушетауда педучилищеге түскен. Шамшолла 1941 жылдың маусым айында Қызыл әскер қатарына шақырылып, сосын соғысқа кеткен. Орыс, неміс тілдерін білгендіктен оны барлаушылар ротасына алған. Соғысты Белорусиядан бастап, 1945 Жапонияда аяқтаған. Соғыстан қолаяғы сау, екі орден мен алты медаль алып старшина шенінде оралған.

